

УДК 66.013.514.001.89

**НЫСАНДЫ САЛУ КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАРЫ ҚҰРЫЛЫС ҚҰРЫЛЫС
ЖОБАСЫН БАСҚАРУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛЫ**

Қуанышқали Альбина


Құрылышесөн күрделі өндіріс турлерінің біріне жатады және оны басқару басқаларға қарағанда ерекше. Құрылыш экономиканың және әлеуметтік жағдайлардың барлық салаларында маңызды орын алады және оның тиімділігін арттыру олардың дамуының бірден бір көрініс бола алады. Әлемдік тәжірибе көрсеткендеги инвестициялық салымдардың 70-90 пайыздарын құрылыш өндірісі құрайды. Атальынған негіздер құрылыш өндірісінің тиімділігін арттыру экономикалық мәселелердің негізгілерінің бірі деп те тұжырымдауға себеп болады және соған сәйкес осы бағыттағы жұмыстардың маңыздылығы да басқалардың жоғары деңгейдегі қызығушылықтарын тудырады. Құрылыш жобасын басқару тиімділігін және оны арттыру мәселелерін шешуді ғылыми негіздермен байланыстырудың тәжірибелік маңызы жоғары.

Құрылышспен байланысты инвестициялардағы инвесторларды ойланыратын негізгі мәселе үймереттер мен ғимараттарды салудың ұзақтық мерзімі және оны тиімді басқару. Бұл жағдай барлығымызға түсінікті, себебі, құрылыш неғұрлым ұзақ мерзімге созылса соғұрлым шығындар мөлшері де артады және оның тиімділігі де төмендейді. Сондықтан құрылышспен байланысты инвестицияда инвестордың бірінші сұрағы ол қанша уақытта салынып біtedі және оның тиімділік деңгейі қанша болады. Бұл сұрақ осы саламен байланысты инвестицияның тәуекелділік дәрежесінің де жоғары екендігін көрсетеді. Қазіргі кезеңде отандық тәжірибелерде құрылыш нысандарын алдың ала белгіленген мерзімінде бітіру өте сирек кездесетін жағдай. Мысалы, Астана қаласындағы 2010 жылы қарашада басталған ең бір ерекше құрылыш кешені Абу-Даби Плаза ғимараттарының салып бітіру мерзімі бірнеше рет өзгеріліп, соңғы белгіленген мерзім 2020 жылдың 30 маусым деп анықталды [1].

Нысан құрылышы күнтізбелік жоспарын жасау қажеттілік талабы құрылыш нормативімен де бекітілген [2]. Күнтізбелік жоспар жобаны басқарудағы ең қажетті құжат. Төменде нысан құрылышының күнтізбелік жоспарының Autocad бағдарламасымен жасалынған жалпы қарапайым нұсқасы келтірілген (сур.1). Бұл әдіс қарапайым болғандықтан тәжірибеде көп өолданылады. Ол күнтізбелік жоспарда анықталған мерзім кесінділеріне байланысты жұмысшы күштерінің, машина-техникалардың және материалдардың қажеттілік сыйбалары көрсетілген (сур.2,3,4). Бұл құжаттардың маңыздылығы инвестор осы мерзімдерге байланысты қаржы ресурстарының қажеттіліктерін анықтай алады. Сондықтан осы құжаттарды жасауда жіберілген қателіктер инвестициялық жобаларды басқаруда үлкен қыындықтарға әкеліп соқтырады. Ал олардың нәтижелері инвесторды көп шығынға ұшыратады. Атальынған суреттерде көрсетілген күнтізбелік жоспарлар бүгінгі күнгі тәжірибеде ауқымды қолданысқа ие.

№	Жұмыстар атасы	Бернік көлемі			Бернік көлемі			Кесінділік мөн-жыныс	Бірнеше	Бірнеше	Бірнеше	Бірнеше	Бірнеше	
		ЕИнР	Время	Срок	Норма	Коффициент	Амортизация							
1	Жерде осталық көбіткен атп	5E2-1-5	1000м ²	5.042	0.6	3.03	3.03	0.6	3.03	1	1	0.5	1	1
2	Көзтапаралар күні	5E2-1-5	100м ²	76.51	4.6	861.146	861.146	4.6	861.146	2	4	3.6	2	4
3	ФБС блокпакеттер орнам	5E2-1-5	100м ²	925	0.88	0.76	0.76	0.88	0.76	2	8	5.77	2	8
4	Ертіншем күршетек кабірлар орнам	5E2-1-7	1м ²	1199.4	2.2	2618.9	2.2	2618.9	Бернік көлемі	2	16	20	2	16
5	Архитектуралық орнам	5E2-1-10	1м ²	846	0.72	609.12	609.12	0.72	609.12	2	10	4.13	2	10
6	Фурнитура меншілдер	5E2-1-1	1м ²	7	16.8	117.6	117.6	14	9.8	1	7	3.0	1	7

Сур-1. Autocad-та күнтізбелік жоспар



Сур-2. Autocad-та жұмысшылардың сыйбасы

Жалпы құрамы бойынша бұл күнтізбелік жоспарлар құрылыс өндірісінің мазмұның толық ашады және оған қажетті ресурстардың ағымын көрсете алады. Бірақ бұлардың негізгі кемшілігі ол жасалыну күрделілігі. Бұлардың негізгі критериялары есептері автоматтандырылмаған. Сондықтан барлығы да тікелей қолмен есептелінеді, ал сыйбалары Autocad бағдарламасымен сзызылады. Сондықтан бұл күнтізбелік жоспарларды жасаудың өзі үзақ мерзімді қамтиды, құрылыс өндірісінің барлық операцияларын қамти алмайды және өндіріс ағымындағы жедел өзгерістерге икемді болмайды.

Маркасы және аты	Саны	Ағымын саны	2019											
			Наврız						Сәуір					
T-180	2	1												
ЛЗ-244	2	1												
Э-505	3	2												
KC-256J	3	14												

Сурет-3. Autocad-та машина-техникалардың сзыбасы

Бірақ құрылыс өндірісін материалдық-техникалық ресурстармен қамтамассыздандыруда өтекажетті құжаттардың бірі. Олар құрылыс өндірісін бастауға рұхсат алуға, құрылысқа қатысушылармен келісім шарттар жасасуға және олардың дамуын тиесілі қаржылармен қамтамассыздандыруға пайдалынатын негізгі құжаттар. Сондықтан осы


Материал атасы	2019											
	Наврız						Сәуір					
ФБС блоктары												
Кірпіш												
ТБ аражасындар												
Ферма												

Сурет-4. Autocad-та материалдардың сзыбасы

аталынған қажеттіліктердің өздері бұл құжаттардың критерияларының дәлдік дәрежелерінің өте жоғары болуарын талап етеді. Осы жағдайларға жауап беретін құралдардың бірі бүгінгі күні қолданысқа ие болған MS Project бағдарламасының негізінде жасалынатын күнтізбелік жоспарлар (сур.5,6,7,8). Бұл бағдарламаның негізгі ерекшелігі күнтізбелік жоспарлардың көрсеткіштерін есептеу толық автоматтандырылған. Ал енді күнтізбелік жоспарлардың

№	Жұмыстар атасы	58 дней	Пт 01.03.19	Сб 27.04.19	
1	Жердің есімдік қабатын алу	1 день	Пт 01.03.19	Пт 01.03.19	
2	Қазаншыңыр қазу	4 дней	Пт 01.03.19	Пн 04.03.19	
3	Блоктар орнату ФБС	6 дней	Сб 09.03.19	Чт 14.03.19	
4	Кірпіштен сыртқы қабырғаларды қалау жұмыстары	20 дней	Вс 17.03.19	Пт 05.04.19	
5	Аражабындарды монтаждау	5 дней	Ср 17.04.19	Вс 21.04.19	
6	Фермаларды монтаждау	2 дней	Пт 26.04.19	Сб 27.04.19	

Сур-5.MS Project-те күнтізбелік жоспар құрамы алдынғы келтірілген нұсқалардан еш айырмашылықтың жок екендігін көрсетеді.



Сур-6. MS Project-те жұмысшылардың сыйбасы

Бұл нұсқаларда құрылыс өндірісі жұмыстары процесстерінің күн тізбесі жасалынады және оның негізінде қажетті жұмысшылардың (Сур-6), машина-техникалардың (Сур-7), материалдардың (Сур-8) сыйбалары жасалынады. Бұлардың ұтымдылығы күнтізбелік жоспарлардың критериялын есептеудің MS Project бағдарламасын пайдаланумен автоматтандыруға қол жеткізгендігінде. Сондықтан құрылыс өндірісі процесстерінің операцияларының орындалуының барлық құрамын ескеруге болады және олардың қай кезде басталып, қай уақытта аяқталуына дейін нақтылай көрсете алады [5]. Сонымен қатар критерияларды есептеу автоматты деңгейде болғандықтан бұл әдіс өндіріс ағымындағы

№	Машина-техника атапы	59 дній	Пт 01.03.19	Вс 28.04.19
1	Т-180	1 день	Пт 01.03.19	Пт 01.03.19
2	ДЗ-24А	1 день	Пт 01.03.19	Пт 01.03.19
3	Э-505	4 дней	Пт 01.03.19	Пн 04.03.19
4	КС-2561	55 дней	Вт 05.03.19	Вс 28.04.19

Сур-7. MS Project-те машина-техникалардың сыйбасы

№	Материалдар атапы	51 дній	Сб 09.03.19	Вс 28.04.19
1	ФБС блоктары	6 дней	Сб 09.03.19	Чт 14.03.19
2	Кирпіш	20 дней	Вс 17.03.19	Пт 05.04.19
3	ТБ аражабындар	5 дней	Чт 18.04.19	Пн 22.04.19
4	Ферма	2 дней	Пт 26.04.19	Вс 28.04.19

Сур-8. MS Project-те материалдардың сыйбасы

өзгерістерді жедел турде ескеріп күнтізбелік жоспарларды түзетіп отыруға болады және олардың нәтижелік әсерлерін анықтап отырады. Сондықтан бұл құрал инвесторға жобаны басқарудағы және оның тиімділігін арттырудың қолданыстағы маңызы зор құрал. Оны қолдану қажетті ақпараттар жүйесін құруды қажет етеді және ондағы шеілетін негізгі мәселелер мыналар:

1. Жобада жасалынатын барлық жұмыстар жиынтығының тізбегін анықтау.
2. Ресурстардың тізбегін (қызметкерлер, материалдар, техникалар және т.б.) №
3. Ресурстарды пайдаланудың күнтізбелік кестесін жасау.
4. Жұмыстардың орындалу тәртібін анықтау, операцияларды байланыстыру жобаның торлық моделін жасау.
5. Жұмысты жасауға пайдалынатын ресурстарды бекіту.
6. Жұмыстардың жасалынатын ұзақтық мерзімін және уақытша шектеулерді белгілеу.
7. Жобаның күнтізбелік кестесін жасау. Әрбір жұмыстың басталатын және аяқталатын күндерін анықтау.
8. Оптимизация. Ресурстарды пайдалануды қалыптастыру.
9. Жобаның сметасын анықтау. Әрбір жұмыстың белгіленген ресурстар қажеттілігімен және бағамен құның анықтау.

10.Жобаның бюджетін анықтау. Жоба құның уақытқа және қолдану орнына байланысты бөлу.Жобаны қаржыландыру көлемдерін анықтау.

11.Жобаның базалық жоспарын белгілеу.

12.Жобаның тәуекелділігін басқару.

13.Орындалған жұмыстардың нақтылай ақпараттарын енгізу.

14.Орындалуды бақылау. Ағымдағы нәтижелердің базалық жоспардан ауытқуларын талдау. Жобаның орындалу есебін жасау.

15.Жобаға қатысушыларды қажетті коммуникациямен қамтамассыздандыру. Жоба құжаттарын сактау.

Яғни құнтізбеклік жоспар жобаны басқарудың негізгі құралы болып тұр. Жоғарыдағы тізбектелген іс-шаралардың барлығы да соның негізінде іске асырылады. Олар көптеген ресурстық және қаржылық шығындар. Сондықтан құнтізбелік жоспарда жіберілген қателіктер құрылыш компанияларын орны толмас шығындарға ұшыратады. Олардың нәтижесі өз кезеңінде құрылыштың тоқтап қалуына, құрылышқа қатысушы тұлғалардың банкрот болуына әкеліп соқтырады.

Қолдалынған әдебиеттер

1. Аким Астаны назвал сроки окончания строительства Абу-Даби Плаза
1. <https://elorda.info/ru/news/view/akim-astany-nazval-srok-okonchaniya-stroitelystva-abu-dabi-plaza>
2. СН РК 1.03-00-2011 Строительное производство. Организация строительства предприятий, зданий и сооружений
3. Ахметов Н.С., Толеубаева Ш.Б. Әдістемелік нұсқаулар 5B072900-«Құрылыш» мамандықтары студенттеріне «Құрылышты ұйымдастыру жобасын жасау» курсы бойынша Нысанның құнтізбелік жоспарын жасау тақырыбындағы курстық жұмысты орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҮУ, 2016ж.
4. Теличенко В.И. Технология возведения зданий и сооружений: Учеб. Для строит. Вузов / В.И.Теличенко, О.М.Терентьев, А.А.Лапидус. -3-е изд., стер. –М.: Высш. Шк., 2006. -446с.; ил.
5. Зубрицкий А.А. Эффективное управление проектами с использованием Microsoft Project 2016. www. Openplanning.ru 2016.